

Т. Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 3 «А» сыныбын 2022-2023 оқу жылының жыл бойы жүргізілген тәрбие жұмысына талдау


3 «А» сыныбында 20 оқушы тәрбие мен білім алуда. Осы оқушылардың ақыл-ойына, дене бітіміне, эстетикалық талғамына, айналадағы өмірге көзқарасына зерттеу жүргізіліп, тәрбиелік шаралар жұмысы айқындалды. Кешенді тәрбие беру бағдарламасының бағыттары бойынша жұмыс жоспарланды. Оқушы бойында отансүйгіштік, еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту, елін, жерін сүйу, Отанына адал болу, барды бағалай алуға үйрету мақсатында «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» атты алғашқы оқу жылының алғашқы тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие бағыттарына сәйкес «Ана тілі- ұлт болашағы», «Еңбектің наны тәтті», «Адамгершілік - асыл қасиет», «Күз-береке, күз-мереке», «Ұстаз өнегесі кейінгі тәрбие», «Бүгінгі Қазақстан-сенің жетістігің», «Құстар біздің досымыз», «Имандылық пен адамгершілік», «Жақсылықтан жақсылыққа», «Бос уақыт босқа кетпесін» тақырыбында тәрбие сағаттары, М. Әуезовтың 125 жылдығына, Р. Бағланованың 100 жылдығына, Д. Қонаевтың 110 жылдығына танымдық сабақтар өткізілді. Республика күніне орай тәрбие сағатында оқушылар Отан туралы өлеңдер оқып, «Менің арманым» тақырыбында эссе жазып, ой бөлісті. Аталған тақырыптардағы тәрбие жұмыстары оқушы бойында өздеріне сенімділік қасиеттері мен ойларын дәлелдей алу, өз бетінше ізденуге ұмтылу, бағыт-бағдарларын анықтау тәрізді түйсіктерін оята алды.

Мектепшілік Республика күніне орай ұйымдастырылған апталықта «Атамекен» тақырыбында патриоттық диктант-конкурста екі оқушы ІІ орын иеленді.

«Бала тәрбиесі - ортақ іс», «Ата-ана мақтаншы-бала» тақырыбында ата аналармен жиналыс өтті. Мақсаты: ата - ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту, ата - аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру, баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту. Жиналыс психологиялық тестпен басталды. Топқа бөлініп, қазіргі бала, ата-ана, ұстаз қандай болу керектігі туралы ойларын білдірді. Бала тәрбиесі туралы өз тәжірибелерімен бөлісті.

«Мұқағали оқулары» атты мәнерлеп оқу сайысында үш оқушы жүлделі бірінші, екінші орындарға ие болды. «Абайтану» олимпиадасы мен сурет байқауында, «Бастауыш олимпиадасы» республикалық пәндік олимпиадасында, «Ақбота» зияткерлік олимпиадасында оқушылар жоғары жетістіктерге жетті. Сынып оқушылары белсенді.

Оқу жылына жоспарланған тәрбие іс-шаралары толық орындалды.

Сынып жетекшісі:  Ж.К. Байшуакова